



Костанай қаласы әкімдігі білім басқармасының «Костанай қаласы білім бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру үйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді үйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Білім беру үйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тәртібі.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу келесі міндеттерді қамтиды:

- 1) Ерекше білім беру қажеттіліктегі бар адамдардың (балалардың) ерекше білім беру қажеттіліктегі анықтау және бағалау;
- 2) Ерекше білім беру қажеттіліктегі бар адамдардың (балалардың) педагогтері мен отбасына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;
- 3) Ерекше білім беру қажеттіліктегі бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау;
4. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді білім беру үйымының педагогтары мен мамандары жүзеге асырады.

5. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу адамдардың (балалардың) білім беру қажеттіліктегін бағалау негізінде жүзеге асырылады:

- 1) мінез-құлық және эмоционалдық проблемалармен, қолайсыз психологиялық факторлармен (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, балалар-ата-аналар және отбасы ішіндегі қатынастар);
- 2) Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік мәдени сипаттағы кедергілермен (әлеуметтік тәуекел отбасыларынан шыққан балалардың педагогикалық немқұрайлылығы, қоғамда бейімделу қындықтарын бастан кешіретін балалар (босқындар, мигранттар, кандастар отбасылары).

3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қымыл аппаратының бұзылуы, психикалық дамудың кешеуілдеуі және эмоционалды-еріктік бұзылулар).

6. Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді тәрбиешілер/педагогтар сабак барысында, сондай-ақ арнайы педагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, педагог-ассистенттер ерекше білім беру қажеттіліктегін бағалау және психологиялық-медициналық – педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі-ПМПК) ұсынымдары негізінде жеке, топтық және кіші топтық сабактарды үйымдастыру кезінде жүзеге асырады.

7. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны келесі әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды қамтиды:

- 1) жалпы білім беретін оку бағдарламаларын бейімдеу немесе жеке оку жоспарлары мен бағдарламаларын жасау түріндегі оку жоспары мен оку бағдарламаларын өзгерту;
- 2) оку нәтижелерін (окушының жетістіктерін) бағалау тәсілдерінің өзгеруі. Бағалау тәсілдері өзгерген кезде окушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып және іске асырылып жатқан оку бағдарламасының мазмұнын ескере отырып бақылау тапсырмалары мен бағалау критерийлері таңдалады;
- 3) оқытудың вариативтік, арнайы және баламалы әдістерін пайдалану;
- 4) оқулықтарды, оку құралдарын іріктеу, Жеке оку материалдарын дайындау;
- 5) оқыту нысанын тандау;
- 6) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін білім беру үйымына физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кедергісіз орта құру және оқыту орнын бейімдеу;
- 7) мүмкіндігі шектеулі (тірек-қимыл аппараты, есту, көру, сөйлеу қабілеті бұзылған) білім алушылар үшін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын пайдалану;
- 8) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау (психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) ПМПК қорытындысы мен ұсынымы негізінде жүзеге асырылады.

8. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру үйымының Жарғысына, Білім және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, осы Ережеге, білім беру үйымы мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ата-аналары арасындағы шартқа сәйкес іске асырылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу педагогтары білім беру үйымының педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады.

9. Кіші топтық (2-4 бала), топтық (6-8 бала) сабактарды өткізу үшін арнайы педагогтар ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) жеке дамыту бағдарламаларының мазмұнының ортақтығы қағидаты бойынша біріктіреді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін аптасына жеке, кіші топтық, топтық сабактардың саны оның жеке білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып белгіленеді.

10. Мінез-құлқы бұзылған 4-6 бала болған кезде арнайы жабдықталған үй-жайда (кабинетте) қазіргі заманғы әдістерді, технологиялар мен әдістерді пайдалана отырып, қын мінез-құлқыты енсеруге бағытталған сабактар өткізіледі.

11. Жеке, кіші топтық, топтық сабактарды өткізу үшін мамандар кабинеттері жабдықтармен және оку-дидактикалық материалдармен жараптандырылады.

12. Балаға қажет психологиялық-педагогикалық қолдаудың көлемі мен мазмұны оқу жылды ішінде бірнеше рет өткізілетін ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға сәйкес келеді.

13. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдай жасау үшін білім беру үйымдарында арнайы топтар/сыныптар құрылады.

14. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, оның ішінде білім беру қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 31 мамырына дейін жүзеге асырылады.

15. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесін бақылауды Білім беру ұйымының әкімшілігі нормативтік құқықтық актілер, білім беру процесіне қатысушылардың лауазымдық міндеттері негізінде жүзеге асырады.
16. Мектепке дейінгі ұйымның психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу педагогтерінің аптасына нормативтік оқу жүктемесі "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 24 сағатты құрайды.
17. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу педагогтарының қызметін және әдістемелік көмегін үйлестіру үшін жалпы білім беру ұйымдарының базасында білім беруді басқару органдының бұйрығымен инклюзивті практиканы дамыту және тәжірибе алмасу үшін облыстық (қалалық, аудандық) ресурстық орталықтар құрылады.
18. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесінің қатысушылары Әкімшілік, педагог кадрлар (тәрбиешілер, психолог, логопед, медицина қызметкері, мектепке дейінгі ұйымның әдіскері, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары (занды өкілдері) болып табылады. Білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы білім беруді/тәрбиелеуді ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделеді.
19. Әкімшілік ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырады, білім беру процесіне барлық қатысушылардың мінез-құлқының толерантты мәдениеті негізінде қауіпсіз және психологиялық жайлы органды қамтамасыз етеді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар туралы дербес ақпараттың құпияльлығын сақтайды.
20. Педагог-психологтар, білім беру ұйымдарының педагогтері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша тиісті кәсіптік-педагогикалық даярлыққа ие, осы Қағидаларга, "Ұлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді және кәсіптік деңгейде оқытуды/тәрбиелеуді жүзеге асырады. педагог қызметкерлер мен оларға тенестірілген тұлғалар лауазымдарының сипаттамасы", білім беру ұйымының Жарғысымен, ата-аналармен (занды өкілдермен) жасалған шартта.
21. Әкімшілік және педагогтар:
 - 1) тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізеді, педагогикалық практикаға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жаңа әдістемелері мен технологияларын енгізеді;
 - 2) тәрбиеленушілердің/білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін тандауды жүзеге асырады;
 - 3) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының жұмысына қатысады;
 - 4) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселелері бойынша біліктілігін арттырады;
 - 5) санатты арттыру мақсатында аттестаттаудан мерзімінен бұрын өтеді.